

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау

«Елтай ауылдық округі әкімі аппараты» ММ-де 2017 жылдың 10 айына сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу нәтижесі туралы ақпарат

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі Төрағасының 2016 жылғы 19 қазандағы №12 бұйрығымен бекітілген Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізудің үлгілік қағидаларына сәйкес 2017 жылдың 10 ай мерзіміне мекемеде ішкі талдау жұмысы жұмыс тобымен қазан айының 26 мен 30 күні аралығында жүргізілді.

Мекемеде жұмыс тобымен сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу барысында төмендегідей нормативтік құқықтық актілер қарастырылды.

«Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару», «Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызметі туралы», «Құқықтық актілер туралы», «Жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау тәртібі туралы», «Мемлекеттік сатып алу туралы» Қазақстан Республикасының Заңдары, Еңбек кодексі, Жер кодексі, Бюджет кодексі, Қазақстан Республикасы Бас прокурорының 2015 жылғы 18 желтоқсандағы №147 бұйрығымен бекітілген «Жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін есепке алу қағидалары», Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрінің 2014 жылғы 22 желтоқсандағы №144 бұйрығымен бекітілген «Мемлекеттік және мемлекеттік емес ұйымдарда құжаттама жасаудың және құжаттаманы басқарудың үлгілік қағидалары», Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі төрағасының 2017 жылғы 21 ақпандағы №40 бұйрығымен бекітілген «Мемлекеттік қызметшілерге тәртіптік жаза қолдану қағидалары», Қазақстан Республикасы Президентінің 2015 жылғы 29 желтоқсандағы №152 Жарлығымен бекітілген «Нормативтік құқықтық актілерді ресімдеу, келісу, мемлекеттік тіркеу және олардың күшін жою қағидалары», Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2016 жылғы 6 қазандағы №568 қаулысымен бекітілген, Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2014 жылғы 4 желтоқсандағы №540 бұйрығымен бекітілген «Бюджеттің атқарылуы және оған кассалық қызмет көрсету ережесі», Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2015 жылғы 11 желтоқсандағы «Мемлекеттік сатып алуды» жүзеге асыру қағидаларын бекіту туралы №648 бұйрығымен, 2005 жылғы 27 қаңтардағы №2-26 «Елтай ауылдық округ әкімі аппараты» мемлекеттік мекемесінің ережесін мамандар қызметте басшылыққа алып жұмыстанған.

Қазақстан Республикасының Президентінің 2013 жылғы 24 сәуірдегі №555 Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасының аудандық маңызы бар қалалары, ауылдық округтері, ауылдық округтің құрамына кірмейтін кенттері мен ауылдары әкімдерін қызметке сайлау, өкілеттігін тоқтату және қызметтен босату қағидаларының 58-тармағына сәйкес ауыл әкімі ауысты.

Басқалай кадр ауысушылығы тіркелді.

Елтай ауылдық округі әкімі аппаратының штат саны 3 бірлікті құрайды, соның ішінде 3 бірлік мемлекеттік қызметші. Елтай ауылдық округ әкімі аппаратындағы 3 әкімшілік мемлекеттік қызметшінің 3 мемлекеттік қызметші аттестаттаудан өткен. Аттестация қортындысымен 3 мемлекеттік қызметші атқаратын лауазымына сәйкес келеді деген шешім қабылданған. Елтай ауылдық округ әкімі аппаратында 4 техникалық қызметші жұмыс жасайды.

Мекемеде сыбайлас заң бұзушылықтар анықталмаған, мемлекеттік қызметшілерге тәртіптік жазалар қолданылмаған.

Барлық мемлекеттік қызметшілер кірістер мен мүлкі туралы декларацияларды мемлекеттік кірістер басқармасына уақытында тапсырған.

Штат құрамында ауылдық әкімі лауазымы бос тұр.

Есепті мерзім ішінде ауылдық округ әкімі аппаратында мүдделер қақтығысы орын алған жоқ.

Мемлекеттік көрсетілетін мемлекеттік қызметтер бойынша:

- «Жеке қосалқы шаруашылықтың болуы туралы анықтама беру» - 6 өтініш тіркеліп, қанағаттандырылды;

- «Жер учаскесінің нысаналы мақсатын өзгертуге шешім беру» -1 өтініш тіркелді;

- «Елді мекен шегінде объект салу үшін жер учаскесін беру» - 2 өтініш тіркеліп, қанағаттандырылды;

- «Сауда-саттықты (конкурстарды, аукциондарды) өткізуді талап етпейтін мемлекет меншігіндегі жер учаскелеріне құқықтарды алу» - өтініш болған жоқ;

- «Шалғайдағы ауылдық елді мекендерде тұратын балаларды жалпы білім беру ұйымдарына және кері қарай үйлеріне тегін тасымалдауды ұсыну» - өтініш болған жоқ;

- «Мектепке дейінгі балалар ұйымдарына жіберу үшін мектепке дейінгі жастағы (7 жасқа дейінгі) балаларды кезекке қою» - өтініш болған жоқ;

Мекемеде рұқсат беру, басқару функциялары жоқ.

Есепті мерзім ішінде ауыл әкімінің 5 шешімі, 27 өкімі қабылданды, соның ішінде 15 өкім «Е-қызмет» ықпалдастырылған ақпараттық жүйесіне енгізілді. Есепті мерзім ішінде жеке тұлғалардан 8 өтініш тіркелді, заңды тұлғалардан өтініш болған жоқ. Бұның ішінде сыбайлас жемқорлыққа қатысты өтініш жоқ. Өтініштерді қарау мерзімінің уақыты бұзылмаған. Келіп түскен өтініштер уақытымен веб-еуол бағдарламасына енгізіліп, аудандық прокуратураға, аудан әкімі аппаратының жалпы бөліміне айлық, тоқсандық, жарты жылдық есептер уақытында тапсырылып отырған.

Бұқаралық ақпарат құралдарына өткізілген мониторингі («Сырым елі, аудандық қоғамдық саяси газеті, Сырым ауданы әкімдігінің ресми интернет ресурсы) нәтижесінде мекеменің мемлекеттік қызметшілеріне қатысты теріс материалдар анықталған жоқ.

Прокурорлық қадағалау актілері келіп түскен жоқ.

Мекемеде мемлекеттік сатып алу жүйесі жоспарға сай заң талаптары сақтала отырып, баға ұсынымдарының сұранысы және бір көзден алу тәсілімен шартты тікелей жасасу жолымен жүзеге асырылды.

«Қазақстан Республикасының 2015-2025 жылдарға арналған сыбайлас жемқорлыққа қарсы стратегиясы туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2014 жылғы 26 желтоқсандағы №986 Жарлығын іске асыру мақсатында бекітілген жоспарға сай жұмыстар атқарылған. Мекеме қызметкерлерінің құқықтық сауатын арттыру барысында 2 рет құқықтық оқытулар өткізілді.

Елтай ауылдық округі бойынша тұрғындарды ақпараттандыру мақсатында сыбайлас жемқорлыққа қарсы бағытталған А5 форматындағы жадынамалар және А3 форматындағы плакаттар 4 шаруа қожалығы мен 70 тұрғын үйге таратылды.

Жоғарыда айтылған негізде, жұмыс тобы «Елтай ауылдық округі әкімі аппараты» ММ-де 2017 жылдың 10 айы мерзімінде сыбайлас жемқорлық тәуекелдері анықталмағаны туралы қорытынды жасады.

Елтай ауылдық округі

әкімінің міндетін атқарушы



А.Бекениязов